

АҚКК Біліктілік КОМИССИЯСЫ

ШІЛДЕ 2023ж.

САЛЫҚТАР

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда төрт тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- Төрт тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға соған арнап арнайы бөлінген орындарда жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 15 балл	30 – 36 минут
2-тапсырма, 15 балл	30 – 36 минут
3-тапсырма, 10 балл	20 – 24 минут
4-тапсырма, 60 балл	<u>80 – 84 минут</u>

Уақыттың жиыны: 160 – 180 минут

Қарапайым программаланбайтын калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сіз осы емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК компаниясының алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК компаниясының рұқсатын алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-ТАПСЫРМА (15 балл)

ҚР «Стайл» сауда компаниясы (бұдан әрі - Компания) жастарға арналған импорттық киім-кешекті бөлшек сату дүкендері мен интернет-дүкені арқылы ұсақ көтерме сауда мен бөлшек саудада сатады және орта кәсіпкерлік субъектісіне жатады. Киім-кешек өндірушілермен тікелей шарттар бойынша сатып алынады. Компанияның «Медео» ЖШС-да үлесі және «Омега» АҚ және «Алтын» АҚ, ҚР резиденттерінде акция түріндегі құнды қағаздары бар.

2023 жылғы қорытындылар бойынша КТС бойынша салықтық есептілікте Компания ҚР Салық кодексіне (бұдан әрі – ҚР СК) 20 000 000 теңге сомдағы Жиынтық жылдық табысты (бұдан әрі - ЖЖТ) және 12 000 000 теңге көлеміндегі Шегерімдерді көрсетті.

Талап етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

1.1. 2023ж. салық салынатын табысты (бұдан әрі - ССТ) есептеу үшін ҚР СК-ға сай, ЖЖТ түзетулері мен кірістер мен шегерімдер түзетулерінің жиынтық сомаларын есептеңіз.

Егер түзету сомасы артуды берсе, (+) белгісімен көрсету, егер азаюды берсе, (-) белгімен көрсету, егер түзету болмаса, 0 теңгені қоямыз.

1.1.1. Компания «Медео» ЖШС-дан 2022ж. бойынша пайдадан 2023 жылдың сәуір айында 500 000 теңге мөлшеріндегі дивиденд түрінде пайда тапты.

1.1.2. «Омега» АҚ Компанияға 2023 жылдың мамыр айында 2022 жыл үшін Қазақстанның қор биржасының ресми тізімінде тұрған, есептік кезеңде өздері бойынша сауда-саттық болмаған дивиденділердің есептелген күніне қатысты құнды қағаздар бойынша 600 000 теңге мөлшеріндегі дивиденділерді есептеді. «Омега» АҚ дивиденділерді төлем көзінің жанынан шегерілген КТС есебімен төлеп, 90 000 теңге соманың анықтамасын ұсынды.

1.1.3. «Алтын» АҚ Компанияға 2023 жылдың мамырында 2022 жыл үшін Қазақстанның қор биржасының ресми тізімінде тұрған, есептік кезеңде өздері бойынша сауда-саттық болған дивиденділердің есептелген күніне қатысты құнды қағаздар бойынша 200 000 теңге мөлшеріндегі дивиденділерді есептеді.

1.1.4. Компания 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қорлардың өлшенген орташа құны әдісінен ФИФО әдісіне көшті және 2023 жылдың басына қарсы қорлардың сальдосын баға берудің жаңа әдісі бойынша қайта есептеді, оған сай қорлардың құны 100 000 теңге оң таңбалы айырмаға өзгерді.

1.1.5. 2022 жылдың желтоқсанында Компания сатып алушыға бағасына 5% жеңілдік есебімен 950 000 теңгенің тауарын сатты, шартқа сай төлемақы сатылған күннен

бастап 30 күнтізбелік күн ішінде алынады. Алайда сатып алушы шарттың талаптарын орындамады, 5% жеңілдіктің 2023 жылдың қаңтарында күші жойылды және Компания тауар бағасынан жеңілдік сомасына қосымша шот-фактураны ұсынды.

- 1.1.6. Компания 2022 жылы мемлекеттік меншік мүлкін (өндірістік қойманы) жалға алу шарты жасасты, оның жылдық сомасы 400 000 теңге. Қойманы жалға алу 2022 ж. КТС бойынша декларацияда ССТ-ны есептеу үшін шегерім деп танылған болатын. Жылдың наурызында бизнесті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарлама аясында осы шарт бойынша 2022 жылы мәміленің бағасы 320 000 теңгеге дейін өзгертілді.

- 1.1.7. ЖЖТ түзетулердің жиынтық сомасын есептеңіз.

- 1.1.8. Кірістен мен шегерімдердің жиынтық сомасын есептеңіз.

- 1.2. 2023 ж. КТС есептеу үшін Компанияның салық салынатын табысының (ССТ) сомасын есептеңіз.

- 1.3. ҚР СК-ға сәйкес Компанияның ССТ-ны 2023ж. КТС есептеу үшін қандай сомаларға азайтуға құқылы болатынын есептеңіз.

- 1.3.1. Компания «Детская деревня» қоры» коммерциялық емес ұйымға жүгінудің негізінде оған құны 300 000 теңге мүлікті тегін сыйға берді.

- 1.3.2. Жыл бойы бейрезиденттен – өзара байланысты тараптан 1000 АҚШ доллары көлемінде тауарлық франчайзингі сатып алуға шығындалды. 100% алдын-ала төлем жүргізу күніне қатысты бағам 450 теңге/АҚШ доллары, қызметтерге қол қою күніне қатысты бағам - 460 теңге/АҚШ доллары және бейрезидентке қызметтердің ақысын төлеу курсы 445 теңге/АҚШ доллары.

- 1.3.3. ССТ-ны азаю есебімен есептеңіз

- 1.4. 2023 жыл бойынша есептелген КТС-ны есептеңіз.

2-ТАПСЫРМА (15 балл)

«Salem» компаниясы, Қазақстан Республикасының резиденті КТС төлеушісі болып табылады және ҚҚС бойынша тіркеу есебінде тұр.

Компанияның негізгі қызмет түрі – бухгалтерлік, салықтық есепке алу және IT-консалтинг. 2023 жылдың қорытындысы бойынша сатылған қызметтер көлемінің 80%-ын резиденттерге көрсетілген қызметтері құрайды, қалған 20%-ы - бейрезиденттерге көрсетілген қызметтер.

Көрсетілген қызметтердің барлығы бойынша, егер талаптарда басқасы көрсетілмесе, айналымды жүзеге асыру кезеңінде ЭШФ ұсынылған болатын. 2023 ж. 1-тоқсанындағы ҚҚС бойынша декларацияда бюджетке төленуге жататын ҚҚС көрсетілген.

Қосымша ақпарат:

Компания ҚҚС-ны есепке жатқызудың пропорционал әдісін қолданады. Жеткізушілердің барлығы – ҚҚС төлеушілер.

Талап етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

2.1. Төменде тізімделген операциялардың әрқайсысы бойынша **2023ж. 2-тоқсандағы** ҚҚС бойынша декларацияда көрсетілген салық салынатын айналым сомасын және осындай айналымнан есептелген ҚҚС сомасын есептеп шығыңыз. *Егер операция ҚҚС бойынша декларацияға енгізілмесе, жауапта 0 теңге деп көрсетіңіз.*

№ 1 операция.

Резиденттерге 15 680 000 теңгенің (соның ішінде ҚҚС) қызметтері көрсетілді. Қызметтердің ақысы 70 % алдын-ала төлем шартымен төленді, қалған 30 %-ы – орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін төленді.

2.1.1.1 Өткізу (сату) бойынша айналым.

2.1.1.2 Өткізу (сату) бойынша айналымнан ҚҚС.

№ 2 операция.

Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасында ҚҚС төлеушісі болып табылмайтын қырғыздық компанияның ақпараттық өнімдерді әзірлеу қызметтері көрсетілді, қызметтердің сомасы 3 500 АҚШ доллары. Орындалған жұмыстардың актісіне 2023ж. 20 маусымда қол қойылды. 12.06.2023ж. АҚШ долларының бағамы – 449,5 теңге/доллар. Қызметтердің ақысы 445,2 теңге/доллар бағамы бойынша 100 % алдын-ала төлем шартымен төленеді.

2.1.2.1 Өткізу (сату) бойынша айналым.

2.1.2.2 Өткізу (сату) бойынша айналым.

№ 3 операция.

25 мамырда Қазақстан Республикасында ҚҚС төлеушісі болып табылмайтын қытайлық компанияның байланыс қызметтерінің ақысы (АҚШ долларының нарықтағы бағамы - 441,7 теңге/доллар) төленді, сомасы 1 000 АҚШ долларын құрайды. Бұл компаниямен Орындалған жұмыстардың актісіне 29 маусымда қол қойылды (АҚШ долларының бағамы – 442,6 теңге/доллар). Бейрезидент үшін ҚҚС сомасы бюджетке 2023 жылдың 5 тамызында төленді.

2.1.3.1 Сатып алу бойынша айналым.

2.1.3.2 Есепке жатқызылатын ҚҚС.

№ 4 операция.

Жеткізуші интернет-қызметтер үшін шоттарды ай сайын әр айдың қорытындысы бойынша ұсынып отырады, ЭШФ-ны өткізу (сату) айналымы айынан кейінгі әрбір келесі айдың басында ұсынады. Наурыз айында шоттар бойынша сомалар (ҚҚС есебінсіз) 33 400 теңгені, сәуір айында 32 000 теңгені, мамыр айында 34 800 теңгені, маусым айында 35 000 теңгені құрады.

Компания интернет-қызметтердің ақысын оларды сатып алған айдан кейінгі келесі айдың басында төлейді.

2.1.4.1 Сатып алу бойынша айналым.

2.1.4.2 Есепке жатқызылатын ҚҚС.

№ 5 операция.

Жалға беруші кеңселік үй-жайды және көлік тұрағын жалдағаны үшін орындалған жұмыстардың актілерін ай сайын айдың соңғы күні ұсынады, ЭШФ-лар да айдың соңғы күні ұсынылады. Кеңселік үй-жайды және көлік тұрағын жалдаудың ай сайынғы құны 448 000 теңге (соның ішінде ҚҚС) құрайды.

2.1.5.1 Сатып алу бойынша айналым.

2.1.5.2 Есепке жатқызылатын ҚҚС.

№ 6 операция.

Бейрезидентке кеңес беру қызметтерін көрсету үшін қосалқы мердігер ретінде резидент-компания тартылды, оның қызметтерінің құны 140 000 теңге (Соның ішінде ҚҚС) құрады. Қосалқы мердігермен актіге 30 маусымда, 2-тоқсандағы ҚҚС бойынша декларацияны тапсыру күніне қарсы қосалқы мердігердің қызметтерінің ақысы төленіп қойған болатын.

2.1.6.1 Сатып алу бойынша айналым.

2.1.6.2 Есепке жатқызылатын ҚҚС.

№ 7 операция.

2023ж. 28 маусымында АҚШ-та сатып алынған сервер кедендік рәсімдеуден өткізілді, ол компанияның шаруашылық қызметінде қолданылатын болады. Кедендік құны 10 400 еуроны, кедендік баж -10 %, бағам - 475,8 теңге/еуроны құрады. Тиеп жіберу күніне қарсы бағам 479,1 теңге/еуроны құрады. Жеткізу шарттары бойынша тасымалдау шығындары сервердің құнына енгізілген. Кедендік брокердің қызметтері 120 000 теңге (ҚҚС есебінсіз) құрады. Импортқа қатысты ҚҚС кеденде декларацияны рәсімдеу күні төленді.

2.1.7.1 Сатып алу бойынша айналым.

2.1.7.2 Импорт бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС.

№ 8 операция.

2023 жылдың сәуірінде 1-тоқсанның қорытындылары бойынша есептелген бейрезидент үшін 150 000 теңге ҚҚС сомасы төленді.

2.1.8.1 Сатып алу бойынша айналым.

2.1.8.2 Бейрезидент үшін ҚҚС, относимый в зачет.

2.2. «Salem» компаниясына 2023ж. 2-тоқсаны бойынша ҚҚС бойынша декларацияда жалпы айналымдағы салық салынатын айналымның қандай меншікті салмағын көрсету керек?

- а) 100 %
 б) 89,90 %
 в) 91,51 %
 г) 89,98 %

2.3. «Salem» компаниясына 2023ж. 2-тоқсанында ҚҚС-ның қандай сомасын есепке жатқызуға болады?

- а) 769 052 теңге.
 б) 894 786 теңге.
 в) 888 753 теңге.
 г) 924 280 теңге.

3-тапсырма (10 балл)

2023ж. сәуірде «SSS» ЖШС – ҚР резидентінің келесі операциялары мен оқиғалары жүзеге асырылды:

1. ЖШС коммерциялық департаменттің директорына автокөлікті 1 000 000 теңге бағамен сатты. Автомашина ЖШС балансында негізгі құралдар ретінде есепте тұрған болатын, оның баланстық құны 1 300 000 теңгені құрады.
2. Жеке тұлғамен (ЖШС жұмыскері болып табылмайтын және жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген) жалдау шартының негізінде ЖШС-ға арнап жүк көлігі берілді, жалдау ақысының құны 2023 жылғы сәуірден бастап айына 100 000 теңге деп белгіленген.
3. Бас бухгалтер ұсынған бастапқы құжаттардың негізінде ЖШС оның арқалаған 330 000 теңге шығындарының медициналық (косметологиялық қызметтен басқа) қызметтерге қатысты 270 000 теңге шығындарын өтеді. Өтелмеген сомаға медицинаға салықтық шегерімді қолдану туралы өтініш берілді.
4. 2023ж. сәуірде коммерциялық департаменттің директорына - 500 000 теңге, бас бухгалтерге - 450 000 теңге жалақы есептелді, ол 2023ж. сәуірде толық көлемде төленді.

Анықтама:

- 1) 01.01.2023ж. жағдай бойынша:
АЕК – 3 450 теңге;
АЖА -70 000 теңге.
- 2) Барлық жеке тұлғалардың әлеуметтік төлемдерді төлеуден босатылуға негіздемесі жоқ.
- 3) Жұмыскерлер 14 АЕК салықтық шегерім туралы өтініш берді.

Талап етіледі: Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

- 3.1. Жеке тұлғаның салық салынатын табысын анықтау кезінде қолданылатын салықтық шегерімнің кем дегенде 5 түрін СК-мен белгіленген реттілікпен, өзге шегерімдердің толық анықтамасымен бірге көрсетіңіз.

- 3.2. Салықтық кезеңге арнап сыйақылар бойынша шегерімдерді қолданудың негіздемелерін атаңыз.

- 3.3. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жеке тұлғаның салық салынатын табысының қандай тәртіппен белгіленетінін көрсетіңіз.

3.4.

- 3.4.1. Коммерциялық департамент директорының салық салуға жататын табысының сомасын анықтаңыз.

3.4.2. Коммерциялық департамент директорының салық салынатын табысының сомасын анықтаңыз.

3.4.3. Коммерциялық департамент директорының табысынан ЖТС сомасын анықтаңыз.

3.5.

3.5.1. Бас бухгалтердің салық салуға жататын табысының сомасын анықтаңыз.

3.5.2. Бас бухгалтердің салық салынатын табысының сомасын анықтаңыз.

3.5.3. Бас бухгалтердің табысынан ЖТС сомасын анықтаңыз.

3.6. Жүк автокөлігін жалдау шарты бойынша жеке тұлғаның табысынан ЖТС сомасын анықтаңыз.

4-тапсырма (60 балл)

Төменде келтірілген сұрақтардың әрқайсысы бойынша **ең жақсы** жауапты таңдаңыз. **Әр сұраққа тек бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.** Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

4.1. ҚР компаниясы – КТС бойынша аванстық төлемдерді төлеуші 2022 жылы бюджетке КТС бойынша 45 000 теңге аванстық төлемдерді төледі. 2022ж. КТС бойынша декларация деректері бойынша КТС есептелген сомасы 55 000 теңгені құрады. Егер бұзушылық бар болса, ҚР ӘҚК-ға сай оның қандай әкімшілік зардапты тудыратынын көрсетіңіз.

- А) 0 теңге, себебі бұзушылық жоқ;
- Б) Айыппұл 2 000 теңге;
- В) Айыппұл 200 теңге;
- Г) Алдын-ала ескерту.

4.2. Төменде көрсетілген салық салу принциптерінің арасынан әділдік принципіне жататынын көрсетіңіз.

- А) Салық төлеуші ҚР заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелерді толық көлемде және белгіленген мерзімде орындап отыруға міндетті;
- Б) Салық төлеушінің салықтық үнемдеуге қол жеткізу және салықтық төлемдерді азайту мақсатында өзінің заңсыз әрекеттерінен пайда табуына жол берілмейді;
- В) Салықтық жүйе ҚР барлық аумағында барлық салық төлеушілер мен салықтық агенттерге қатысты бірыңғай болып табылады;
- Г) Ешкімге бір ғана кезең бойынша, бір ғана салық салу нысаны бойынша бюджетке арналған төлемнің бір түрімен екі рет салық салынбауы тиіс.

4.3. Жеңілдетілген декларацияның негізінде АСР-ны қолданатын салық төлеушінің қандай табыс тапқан жағдайда жалпы белгіленген тәртіп бойынша табыс салығын төлейтінін көрсетіңіз.

- А) құнының өсімінен және күмәнді міндеттемелер бойынша;
- Б) ҚР аумағында және одан тыс жерлерде жұмыстар мен қызметтерді сатудан;
- В) міндеттемелерді шегеруден және тегін алған мүлік түрінде;
- Г) бірлескен қызметті жүзеге асырудан және мүлікті жалға алудан.

4.4. Букмекерлік кассаны салық төлеуші ойын бизнесіне салық салу нысаны ретінде 2023 жылдың 20 ақпанында енгізді. Букмекерлік касса бойынша ойын бизнесіне салынатын салық мөлшерлемесі айына 300 АЕК құрайды, АЕК = 3 450 теңге. 2023 жылдығы 1-тоқсанындағы ойын бизнесіне салықтың сомасын есептеңіз.

- А) 517 500 теңге;
- Б) 2 070 000 теңге;
- В) 1 552 500 теңге;
- Г) 1 035 000 теңге.

4.5. Салық төлеушіге тәуекел дәрежесі бойынша камералық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда қандай құжат ресімделетінін көрсетіңіз.

- А) тәуекелі дәрежесі орташа бұзушылықтар бойынша – бұзушылықтар туралы хабарлама;
- Б) тәуекелі дәрежесі орташа бұзушылықтар бойынша – бұзушылықты жою туралы хабарлама;
- В) тәуекелі дәрежесі төмен бұзушылықтар бойынша - бұзушылықты жою туралы хабарлама;
- Г) тәуекелі дәрежесі жоғары бұзушылықтар бойынша – бұзушылықтар туралы хабарлама.

4.6. Жеке кәсіпкер (ЖК) импорт бойынша қозғалтқышының көлемі 4 000 текше см пикап автокөлігін сатып алды. Кеденде Декларацияның ресімделген күні 2023 жылдың 22 мамыры, ҚР аумағында бастапқы мемлекеттік тіркелген күні 2023ж. 5 маусымы. Жеңіл автокөліктер

үшін салықтық мөлшерлемелер: 3 500 текше см-ден жоғары 4 000 текше см. қоса алғанда – 66 АЕК, 4 000 текше см-ден жоғары 5 000 текше см. қоса алғанда – 130 АЕК және қозғалтқыш көлемін асырғаны үшін 7 теңге, АЕК = 3 450 теңге. ЖК-ға арнап 2023ж. бойынша көлік құралына қатысты салықтың сомасын есептеңіз.

- А) 154 133 теңге;
- Б) 301 333 теңге;
- В) 253 667 теңге;
- Г) 134 867 теңге.

4.7. Салық төлеушіге арнап қаржылық жалға берілген және ҚР бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңымен дебиторлық берешек ретінде есепке алынатын ғимараттар бойынша мүлікке қатысты салық бойынша салықтық базаны көрсетіңіз.

- А) оларды сатып алу, шығару, монтаждау, орнату, сондай-ақ қайта жөндеу және жетілдіруге қатысты шығындардың жиынтығы;
- Б) бухгалтерлік есеп деректері бойынша белгіленетін салық салу нысанының орташа жылдық баланстық құны;
- В) Дебиторлық берешектің, соның ішінде ҚЕХС-ға сәйкес белгіленетін ұзақмерзімді берешектің орташа жылдық сомасы;
- Г) Баға беруші мен салық төлеушінің арасындағы шарт бойынша баға беру туралы есепте белгіленген нарықтық құн.

4.8. Бюджетке төленетін міндетті төлемдерге салық салу туралы дұрыс тұжырымды көрсетіңіз.

- А) Цифрлық майнинг үшін төлем цифрлық майнинг кезінде тұтынылған электр қуатының көлемі үшін алынады;
- Б) Визуалды жарнама бергені үшін төлем сомасы салық төлеушінің орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді;
- В) жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияны пайдаланғаны үшін төлем аудиторлық және адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде алынады;
- Г) Сумма сбора за разрешения на использование радиочастотного спектра телевизионных и радиовещательных волн тарату ұйымдарының радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат алу үшін алымның сомасы рұқсатты берген уәкілетті мемлекеттік органның орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

4.9. Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу үшін күнтізбелік жыл бойы салықтың жоспарланған мөлшерлемесін қолданады. Егер есептік жылдың қорытындысы бойынша өндірілген көмірсутектердің нақты көлемі жоспарланған көлемге сәйкес келмесе және салық мөлшерлемесінің өзгеруіне әкелсе, жер қойнауын пайдаланушы салықтың сомасын түзетуге міндетті. Пайдалы қазбаларды – көмірсутектерді өндіру салығын түзету қажет болатын декларацияның түрін және кезеңді көрсетіңіз.

- А) есептік жылдың 1, 2, 3 тоқсандары бойынша қосымша декларацияларда;
- Б) кезекті декларацияда келесі салықтық жылдың 1-тоқсаны бойынша, алдыңғы жылдың 1,2,3,4 тоқсандары бойынша түзетулердің есебімен алдыңғы жыл бойынша;
- В) өзінде 1, 2, 3 тоқсандағы түзетулер көрсетілген есептік жылдың 4-тоқсаны бойынша кезекті декларацияда;
- Г) есептік жылдың 1, 2, 3 тоқсандары бойынша алмастыру әдісімен кезекті декларацияларда.

4.10. Салық төлеуші ағымдағы жылдың 5 маусымында 2023ж. сәуір үшін сыртқы (визуалды) жарнаманы орналастырғаны үшін 40 000 теңге есептелген төлем сомасын жүргізді. Егер қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі 16% құраса және бір жылда 365 күн болса, төлемді кешіктіргені үшін өсімпұл сомасын есептеңіз.

- А) 719 теңге;
- Б) 899 теңге;

- В) 241 теңге;
- Г) 1 797 теңге.

4.11. ҚР компаниясы 2023ж. наурызда заңды тұлғадан – ҚР бейрезидентінен ҚР аумағынан тыс жерлерде 1 000 е.б. көлемінде кеңес беру қызметтерін сатып алды, оның төлемақысы 2023ж. сәуірінде жүргізілді. Табысты бейрезидентке есептеу күніне қатысты бағам 450 теңге/е.б., төлемді беру күніне қарсы бағам 455 теңге/е.б. Төлем көзінің жанынан шегерілген бейрезидент табысынан КТС және бейрезидент үшін ҚҚС сомасын есептеңіз.

КТС:

ҚҚС:

- | | |
|---------------------------------------|---------------|
| <input type="radio"/> А) 0 теңге | 54 000 теңге; |
| <input type="radio"/> Б) 91 000 теңге | 54 000 теңге; |
| <input type="radio"/> В) 91 000 теңге | 54 600 теңге; |
| <input type="radio"/> Г) 90 000 теңге | 0 теңге. |

4.12. 2023ж. бөлшек салықтың АСР қолдану жағдайлары үшін дұрыс тұжырымды көрсетіңіз.

А) Салықтық кезең бойынша жұмыскерлердің орташа тізімдік саны 250 адамнан аспайды және күнтізбелік жыл үшін табыс 300 000 АЕК-дан аспайды, ҚР Үкіметімен белгіленген тізімдегі қызмет түрлерін жүзеге асырады;

Б) Салықтық кезең бойынша жұмыскерлердің орташа тізімдік саны 250 адамнан аспайды және күнтізбелік жыл үшін табыс 600 000 АЕК-дан аспайды, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне арналған қызмет түрлерін жүзеге асырады;

В) Салықтық кезең бойынша жұмыскерлердің орташа тізімдік саны 200 адамнан аспайды және күнтізбелік жыл үшін табыс 300 000 АЕК-дан аспайды, ҚР Үкіметімен белгіленген тізімдегі қызмет түрлерін жүзеге асырады;

Г) Салықтық кезең бойынша жұмыскерлердің орташа тізімдік саны 200 адамнан аспайды және күнтізбелік жыл үшін табыс 300 000 АЕК-дан аспайды, ҚР Салық кодексінде көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырады.

4.13. Салық агенті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының банктік шотына жұмыскерлердің табысынан бірыңғай төлемді қандай мерзімде және қандай мөлшердеме бойынша аударады?

А) Есептелген табыстар бойынша есептік айдан кейінгі келесі айдың 25-інен кешіктірмей және жұмыскерлер табысының 20% мөлшерлемесі бойынша;

Б) есептелген табыстар бойынша өзінде табыс төленген ай аяқталғаннан кейін күнтізбелік 25 күннен кешіктірмей, жұмыскерлер табысының 20% мөлшерлемесі бойынша;

В) табыстар бойынша өзінде табыс төленген ай аяқталғаннан кейін күнтізбелік 25 күннен кешіктірмей, жұмыскерлер табысының 20% мөлшерлемесі бойынша;

Г) есептелген табыстар бойынша есептік айдан кейінгі келесі айдың 25-інен кешіктірмей және жұмыскерлер табысының 10% мөлшерлемесі бойынша ай сайын.

4.14. Шарап шығаратын зауыт 2023ж. наурызында 700 000 литр шарап шығарып, оның 500 000 литрін сатты, соның ішінде экспортқа 200 000 литр сатты, өзінің өндірістік қажеттіліктері үшін 20 000 литрін пайдаланды. Сатып алушылар бір айда 40 000 литр шарапты қайтарып, 10 000 литр шарап бұзылуына байланысты шығынға жазылды. Шарапқа арналған акциз мөлшерлемесі 35 теңге/литр. Зауыттың наурызда төлеуі тиіс акциздің сомасын есептеңіз.

- А) 17 150 000 теңге;
- Б) 9 100 000 теңге;
- В) 9 450 000 теңге;
- Г) 10 150 000 теңге.

4.15. Ренталық салықты төлеу мерзімін көрсетіңіз.

- А) Келесі күнтізбелік айдан кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей;
- Б) декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейінгі күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей;
- В) келесі салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей;
- Г) келесі салықтық кезеңнен кейінгі келесі айдың 25-інен кешіктірмей.

4.16. Тиісті мақсатпен пайдаланылмайтын немесе ҚР заңнамасын бұзумен пайдаланылатын ауылшаруашылық мақсаттағы жер телімдеріне жер салығының мөлшерлемелері бойынша дұрыс тұжырымды көрсетіңіз.

- А) Базалық мөлшерлемелер өзінде сәйкессіздік немесе бұзушылықтар орын алған ағымдағы кезеңнің басынан бастап елдімекендердің жерлері бойынша 10 есе өседі;
- Б) Салықтың базалық мөлшерлемелері меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқау тапсырылған күннен бастап 20 есе өседі;
- В) Жергілікті өкілдік органның шешімімен салықтың базалық мөлшерлемелері жер салығының базалық мөлшерлемелерінің 50%-нан аспайтын мөлшерге өсірілуі мүмкін;
- Г) Салықтың базалық мөлшерлемелері өзінде сәйкессіздік немесе бұзушылықтар орын алған салықтық жылдың басынан бастап бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқау бойынша 20 есе өседі.

4.17. Егер жылдың басынан бастап салық салудың жалпы белгіленген тәртібі қолданылып және 2023 жылдың 1 маусымынан бастап заңды тұлға бөлшек салықтың АСР-ға көшіп, бұл ретте салық нысанының 2023ж. қатысты орташа жылдық салықтық құны 50 000 теңгені құраса, оның декларация бойынша 2023ж. мүлікке қатысты салығының сомасын есептеңіз.

- А) 750 теңге;
- Б) 458 теңге;
- В) 250 теңге;
- Г) 500 теңге.

4.18. Жер қойнауын пайдалануға қатысты баламалы салық салу нысанының қалай анықталатынын көрсетіңіз.

- А) жер қойнауын пайдаланышының таза табысының бір бөлігінің салықты есептеу мақсаттарына арналған шегерімдер сомасынан 25% асу сомасы ретінде;
- Б) салықты есептеу мақсатында салық салынатын табыс пен жер қойнауын пайдалану шарты бойынша корпоративтік табыс салығының арасындағы айырма ретінде;
- В) жер қойнауын пайдаланудың жиынтық жылдық табысы мен түзетулер есебімен салықты есептеу мақсатындағы шегерімдер арасындағы айырма ретінде;
- Г) Жалпы жылдық табыс пен кірістер мен шығыстар самаларына азаудың есебімен салықты есептеу мақсатындағы шегерімдер арасындағы айырма ретінде.

4.19. ҚР компаниясының ай сайынғы су пайдалану лимиті рұқсат құжатының негізінде 1000 текше метрді құрайды. Беткі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлемесі 1 текше метр үшін 5 теңгені құрайды. Нақты су пайдаланудың мөлшері: қаңтарда – 600 текше метр, ақпанда – 1 000 текше метр және наурызда 1 500 текше метр. 2023ж. 1-тоқсаны бойынша төлем сомасын есептеңіз.

- А) 77 500 теңге;
- Б) 45 500 теңге;
- В) 25 500 теңге;
- Г) 17 500 теңге.

4.20. Жеке нотариуса 2023ж. мамыр айындағы табысы 1 000 000 теңгені құрады, оның екі жұмыскерінің мамыр айындағы табысының сомасы әрқайсысына шаққанда 100 000 теңгені құрады. Әлеуметтік аударымдар 8 750 теңгені құраған жағдайдағы жеке нотариустың мамыр айында бюджетке төлейтін әлеуметтік салық сомасын есептеңіз.

- А) 8 350 теңге;
- Б) 5 050 теңге;
- В) 13 800 теңге;
- Г) 17 100 теңге.

4.21. Коммерциялық емес ұйымның қандай түрдегі табыстары жалпы белгіленген тәртіппен салық салуға жатады.

- А) депозиттер бойынша сыйақылар;
- Б) мүлікті жалға беруден түскен табыс (лизингті санамағанда);
- В) Кіру және мүшелік жарналар;
- Г) Тегін алынған мүлік түріндегі табыс.

4.22. Білім беру ұйымы қандай жағдайда есептік кезеңде КТС-ны 100 пайызға азайтуға құқылы?

- А) Ағымдағы жылы үй-жайды жалға беруден алынған табыс есептік кезеңдегі табыстың жалпы сомасының 95 %-ын құрайды;
- Б) Жер телімін сатудан алынған табыс есептік кезеңдегі табыстың жалпы сомасының 15 %-ын құрайды;
- В) Алынған табыс қатысушыларға үлестіріледі;
- Г) Алынған табыс ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға бағытталған.

4.23. Салық агенті жеке тұлғалардың табысынан жеке табыс салығын қандай мерзімде ұстайтынын көрсетіңіз.

- А) өзінде табыс төленген ай аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік 25 күннен кешіктірмей;
- Б) төлем көзінің жанынан салық салуға жататын табыс төленген күннен кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей;
- В) төлем көзінің жанынан салық салуға жататын табыс төленген күннен бұрын емес;
- Г) төлем көзінің жанынан салық салуға жататын табыс төленген күннен кешіктірмей.

4.24. Табыстың қай түрі бейрезиденттің Қазақстан Республикасында төлем көзінің жанынан салық салуға жататын табысы болып табылмайды?

- А) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде кеңес беру қызметтерін орындаудан түскен табыс;
- Б) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде нотариалды қызметтерден түскен табыс;
- В) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде маркетингтік қызметтерді орындаудан түскен табыс;
- Г) бұрында негізсіз түрде ұсталған, бюджеттен қайтарылған айыппұлдарды санамағанда, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) мен санкциялардың басқа түрлерін құрайтын табыс.

4.25. Салық агенті заңды тұлға – бейрезидентке төлем көзінің жанында салық салынатын есептелген және төленбеген және корпоративтік табыс салығы бойынша шегерімдерге жатқызылған табыс сомалары бойынша корпоративтік табыс салығын есептеп шегеріп қалатын мерзімді көрсетіңіз.

- А) заңды тұлға – бейрезидентке табыс есептелген күннен кешіктірмей;
- Б) заңды тұлға – бейрезидентке табыс есептелген ай аяқталғаннан кейін күнтізбелік 25 күннен кешіктірмей;

В) бейрезидентке табыс есептелген жылдан кейінгі келесі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей;

Г) корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыруға арнап белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей.

4.26. «Альфа» ЖШС 30.05.2023ж. заңды тұлға – бейрезидентпен бағдарламалық өнімді пайдалану құқығын алуға арналған, сомасы 1 500 АҚШ долларын құрайтын ОЖА-ға қол қойды, 100% мөлшеріндегі алдын-ала төлем 06.05.2023ж. жүргізілді (валюталар бағамы: 06.05.-468,4 теңге/доллар, 30.05.-472,0 теңге/доллар). Бейрезидент табысынан төлем көзінің жанынан алынатын КТС сомасын анықтаңыз.

А) 106 200 теңге;

Б) 105 390 теңге;

В) 140 520 теңге;

Г) 141 600 теңге.

4.27. Бейрезидент-жұмыскерге ағымдағы жылы 200 000 теңге жалақы, уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша 40 000 теңге жәрдемақы есептелді, дәрі-дәрмек сатып алуға арнап 20 000 теңге материалдық көмек көрсетілді, аванстық есеп бойынша ұсынылған бастапқы құжаттарға сай 30 000 теңге көлемінде сатып алынған кеңсе тауарларының құны өтелді.

Бейрезидент-жұмыскердің қандай табыс сомасы төлем көзінің жанынан ЖТС салуға жатады?

А) 240 000 теңге;

Б) 260 000 теңге;

В) 270 000 теңге;

Г) 290 000 теңге;

4.28. Мемлекетпен жер қойнауын пайдалану туралы шарт жасасқан және жер қойнауын пайдаланудың баламалы салығын пайдаланатын салық төлеуші-жер қойнауын пайдаланушылардың қандай түрдегі салықтар мен төлемдерді төлеметінін көрсетіңіз ?

А) Пайдалы қазбаларды өндіру салығы, үстеме табыс салығы;

Б) Пайдалы қазбаларды өндіру салығы, үстеме табыс салығы, ренталық.

В) Тарихи ысыраптарды өтеу бойынша төлем, пайдалы қазбаларды өндіру салығы, үстеме табыс салығы;

Г) Тарихи ысыраптарды өтеу бойынша төлем, пайдалы қазбаларды өндіру салығы, ренталық налог;

4.29. Салық төлеуші электронды түрдегі шот-фактураны алғаш рет ұсынбаған жағдайда Қазақстан Республикасының ӨҚК-мен қандай әкімшілік жаза көзделген?

А) 20 АЕК мөлшеріндегі айыппұл;

Б) 50 АЕК мөлшеріндегі айыппұл;

В) электронды шот-фактураларды ұсынуға шектеу;

Г) Ескерту.

4.30. Қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке тіркелмеген кезеңде айналым жасағаны үшін Қазақстан Республикасының ӨҚК-мен көзделген әкімшілік айыппұлдың мөлшерін көрсетіңіз.

А) есепке тіркелмеген кезеңдегі айналым сомасының 12 %-ы;

Б) есепке тіркелмеген кезеңдегі айналым сомасының 15%-ы;

В) 50 АЕК;

Г) 100 АЕК.

ЕМТИХАНДЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ СОҢЫ

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

Lined area for calculations and notes.

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ